



ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Спорт тақырыбының мәтіні.
Қалыбын тапсаң халқың тамсанады



I.

Армысыздар әріптестер! Кезекті дәрісімізді бастаймыз. Біз отандық тілшілер қауымына арнап американдық сценарист, режиссер әрі кино сыншысы Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабынан әзірленген дәрістер мен оған қосымша өз тарапымыздан айтылатын ойларды баяндауды одан әрі жалғастырамыз. Бастапқы бөлігінде Хиллиард мырза спорттық тақырыптағы мәтінді жазу жайында не дегенімен танысамыз. Одан кейін дәрістің келесі бөлімінде өзіміз мақаланың немесе сценарийдің формасын, яғни пішімін қалай табуға болады сол туралы ойымызды ортаға саламыз. Сонымен американдық әріптесіміз не дейді?

Спорттық жаңалықтар күнделікті болып жатады. Әлемде барлық елге ортақ олимпиадалық қозғалысты дамығудан бастап адамдардың салауатты өмір салтына ұмтылысына дейін осы тақырып аясына кіреді. Әрбір елдің спортқа қатысты жалпы ұлттық бағдарламалары да ұмыт қалмайды. Дене шынықтыру мен спортты насихаттау одан әрі әрбір штаттың, облыстың, ауданның көздеген мақсаттарының бірі екені даусыз. Ендеше бұқаралық ақпарат құралдары арасында спорттық журналистика болашағы бар сала деп саналуы заңды деп тұжырады Роберт Хиллиард әріптесіміз.

Спорт әлемді өзгертуге қабілетті. Оның шабыт берер күші жеткілікті. Ол барлық адамдарды біріктіре алады. Мұндай қабілет басқа саяси және әлеуметтік өмірде сирек байқалады. Спорт жастар түсінетін тілде сөйлейді. Бұрын өкініш пен өксік болған жерде тек спорт қана үміт пен арман әкеледі.

Осылардың бәрін ескергенде спорттық журналистика қоғамдағы зор беделге, тіпті билікке ие деуге болады. Ол өз саласын айтпағанда әлеуметтік және саяси астарларға да ықпал етуге қабілетті.

Жақсы жазылған спорттық тарих кәдімгі қызғылықты кітаппен бірдей. Ол сізді бұрын болмаған жеріңізге жетектеп кетеді.

Спорттық жаңалықтарды берудің ұстанымы барлық жаңалықтардағымен бірдей. Бірақ мәнері өзгеше. Спорттық көрсетілімдерде де сондай дәл әрі нақты сөздер керек.

Сөйте тұра спорттық журналистиканың тілі әңгімелеуге жақын әрі бейім. Тек таза техникалық терминдерден қашуы керек. Өйткені олар аудиторияны шатыстырады. Ал жалпы қолданыстағы және спорттағы жаргондарды айтудың артығы болмайды. Ол жарыс өтіп жердегі ахуалды сезіндірудің оңтайлы тетігі болмақ. Жекелеген спорттық ойынның деталдерін түсіндіре кетуден жалықпау керек. Бұл жарыс барысындағы тартысты сәттердің әсерін үдемелетеді.

Кей ақпарат құралдарында спорт бөлімі жалпы жаңалықтардың құрамына кіреді. Бірақ кейінгі кезде спорттық жарыстарды берудің көбейгені іргелі ақпараттық ұжымдарда спорттың жеке редакция болып отыруына жол ашты. Бірқатар елдерде таза спорттық телеарналар хабар таратуға көшті. Әр қалада спорттық кабелді арналар іске қосылды. Осылайша тікелей көрсетілімдермен, спорттық жаңалықтармен қатар осы тақырыптағы ток-шоулар, сұхбаттар мен спортқа оның түрлі салаларына арналған бағдарламалар өз орнын тапты.

Интернеттің орнығуы спорт журанлистерінің мүмкіндігін шексіз кеңейтті. Сол сияқты бұл жағдай спорт журналистеріне деген талапты да күшейтті.

Спорт журналисі өтіп жатқан ойындардың қыр-сырын терең білуі керек. Алдымен өзінің репортаж жазатын немесе жүргізетін спорт түрі туралы барлық мәліметті жинаңыз. Он-лайн түрінде осындай жарыстың жазбаларымен танысыңыз. Енді жекелеген ойыншылар мен командалардың сипаттамасы, жетістіктері туралы мәліметтерді ақтарасыз.

Тағы бір қажет нәрсе спорттық командалардың, ұйымдар мен мекемелердің баспасөз хатшыларымен, қоғаммен байланыс бөлімімен әріптестік қатынас орнату. Олардан да күнделікті ақпарат алуға тырысыңыз.

Жарыс соңындағы баспасөз мәслихаттарынан ешқашан сырт қалмаңыз. Қайта ол жерде алдыңғы орында отырып, ағашқылардың бірі болып сұрақ қоюға ұмтылыңыз.

Спорттық жарыстарды бағалағанда өз көзқарасыңызды ашық айтыңыз. Кейін басқалар сіздің де көзқарасымен санасатын болады. Спорттық жазбалар мен көрсетілімдерде автордың көңіл-күй ауаны да маңызды. Тағы бір ескертін жәйт әрқашан объективті болыңыз.

Міне біз американдық сценарист, режиссер әрі кино сыншысы Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабынан алынған дәрісті осы ақылымен аяқтап, одан әрі өзіміздің кеңестерімізді тыңдауға шақырамыз. Ол мақала мен сценариді қалай қалыптауға арналады.



II.

Мақала немесе сценарий жазу үшін оның қалыбын табу туралы сөз етелік. Бұл журналистикада өте маңызды мәселе. Оны жетік меңгермей тұрып шебер туынды шығарамын деу бекер.

Әрбір заттың сыртқы түрі болатыны сияқты, мақаланың да өз формасы бар. Және бірі екіншісіне ұқсамайды. Жазуға кіріспес бұрын қандай түрге салуды жақсылап ойланып алған жөн. Талаптанған журналистке түр көп. Оны қағазға кәдімгі сызықпен бейнелеп алуға болады. Немесе, ойша жүйелеудің еш қиындығы жоқ.

Сценарий мен мақалаға кіріспес бұрын айналаға зер салып, бір сәт ойланып алғанның артығы болмайды. Түрлі жерде көрген қабырға сағаттарын көз алдыңызға бір елестетіп шығыңыз. Мәселен, сіздің үйіңіздегі қабырға сағатының беті дөңгелек делік. 12 цифр сол дөңгелекті біркелкі қуалай орналасқан. Ал сіз жұмыс істейтін мекеменің маңдайшасында да сағат тұр. Оның түрі төрт бұрышты екен. Әрбір қырына үш санна қойып, оған да сол 12 цифрды салған. Енді еске түсіріңіз, тамақ ішетін жеріңізде үйшік тәріздеп жасалған сағат бар емес пе? Ол үш қырлы болатын. Әрбір қырында төрт цифрдан салынған.

Енді ойланыңыз. Соның бәрі бірдай уақытты көрсетеді. Формалары әртүрлі, бірақ көрсетіп тұрған уақыты біреу, анығында бірдей.

Міне, бағдарламаның немесе мақаланың түрін де осылай әртүрлі жазып шыға аламыз. Мазмұны біреу, бірақ сол мазмұнды түрліше тәсілмен жеткізуге неге болмасын.

Алдымен бір жәйтті қалай басталғанынан немен аяқталғанына дейін баяндап беретін, журналистер тіліндегі «қара» мақаланы немесе ең үйреншікті қарадүрсін сценарийді қарастырайық. Мұның формасы – түзу сызық. Анықтама кітаптарында, қазір ондай дерекнамаға арналған ондаған сайттар да бар ғой, әрбір тұлғаға арналған қашан қайда туып, не тындырып, қашан қайда өлгеніне дейінгі көзінен тізілген деректерден тұратын мақаланы тура осы түзу сызық түрінде елестетеміз. Немесе бір өрттен жазылған репортаж. Қай жерде, қай уақытта, қалай басталды, қанша аумақты шарпыды, сөндіруге қанша техника мен өрт сөндіруші жұмылды, қаншалықты шығын келді, соңында қай уақытта сөндірілді. Міне, тура түзу сызық түрі.

Телевизиядағы жаңалықтар сюжеттерінің, тіпті көптеген бағдардамалар мен деректі фильмдер де осы түзу сызық түрінде. Бұған ізденудің керегі шамалы. Рас мазмұн үшін ізденеді. Не айтсам деп материал жинайды. Тіпті ел білмейтін қызғылықты деректерді табады. Бірақ оны қалай құбылтып беремін деп бас қатырып жатпайды. Кейіпкер қалай қайда туғанынан бастап қайда қашан өлгеніне дейін баяндап шығады. Түзу сызығымыз осы.

Енді бір адамның өмірінің бірнеше қырын зерттеп, сипаттап жазған мақаланы көзге елестетіңіз. Мысал үшін Қазақстанның Халық Қаһарманы Қасым Қайсеновтің өмірін қарай салайық. Ол кісіге арналған материалды журналист үш тарау етіп жазды делік. Бұл жерде әрбір тарау газет өлшемімен 100 жолдан аспайды деп ойлайық. Немесе өзінің сценарийін үш тақырыпшаға бөлді. Тіпті ондай тақырыпша қоймаса да әр бөлім басталар жерге басты шапқаның қысқартылған нұсқасын, оны телевизия тілінде отбивка дейді, соны қойып отырды. Сонымен мақала мен сценарийдегі бірінші тарау: Қасым партизан. Екінші тарау: Қасым жазушы. Үшінші тарау: Қасым қоғам қайраткері. Сонда не шықты? Кәдімгі үш бұрыш шықты.

Осы мақалаға немесе сценарийге Қасым Қайсеновтің Алтайдағы ауыр балалық шағы, жетімдік көргені туралы бір тарау қоссақ, онда бұл мақаланың формасы төрт бұрышқа айналады. Көзге елестеген шығар. Одан әрі Қасым Қазақстан аумағынан тысқарыда, халықаралық ауқымда құрметтелді, Қазақстан мамандары Ресей мен Украинадағы әріптестерімен бірігіп кино түсірді дегендей деректерді жинап және бір тарау қоссақ, бұл мақала бес бұрышты жұлдыз формасына құрайды.

Осылайда әр тарауды бір бұрыш деп есептеп, қанша қаласаңыз сонша бұрышты, яғни бөлімді мақала жазуға болады. Формаға салудың ең оңай түсіндіргендегі сипаты осындай.

Ойымызды ары қарай дамытайық. Мақаланың бірінші сөйлемі «Қасым қария диванда отырып «Әй, Асыл, мұнда келші» деп ас үйде жүрген кемпірін қасына шақырды». Немес деректі кинода Қасекең осылай дабыс берсін делік. Бұдан ары қарай партизан жазушының мінезі, ойлары, жүрген жолдары сипатталып кетеді. Тек мақаланың ең соңы қайтадан «Міне, осындай оқиғалары, сезімдерді, қасіреттерді бастан өткізген Қасым ардагер бейбіт елдегі тыныш үйінің төріндегі диванда отырып кемпірін қасына шақырған» дейміз. Немесе деректі фильм соңында Қасым ақсақалдың дауысын есіп қасына келген кемпірді көрсетеміз. Біз мақаланың бірінші сөйлеміндегі жәйтке логикалық жағынан қисындырып отырып, соңғы сөйлемде оқырманды қайта алып келдік. Не шықты? Ойша немесе қағазға сызып көріңіз. Шеңбер. Бұл да бір форма емес пе?



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Спорт тақырыбының мәтіні. Қалыбын тапсаң халқың тамсанады
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Шеңбер түрінде жазылған шығармалар әдебиетте жиі кездеседі. Айталық, Мұхтар Мағауиннің атақты «Аласапыран» романының бір тарауы тура шеңбер түрінде. Сөзбе-сөз қайталамасақ та бірінші сөйлемі шамамен мынадай: «Қазақ даласында туып, Ібір-Сібірде жетіліп, орыс елінде сынақтан өткен, Хан Керменде хан көтерілген ... «сөйткен де бүйткен...» Ораз-Мұхамед хан қанды кісесін мойнына салды». Одан әрі бұлай бел байлап, шешім қабылдауға жеткізген жағдайлар сипатталады. Сол дүрбеленнің бәрін көріп, ой таразысынан өткізген кейіпкер туралы тараудың соңғы сөйлемі сөзбе-сөз көшіріп алмасақ та, шамамен былай жазылған: «Ораз-Мұхамед хан қанды кісесін мойнына салды».

Басқы ізге айналып түсу жазушылар шығармасынан бұрын табиғаттың өзінде бар. Жолбарыс соңынан қуған аңшыға қандай қарсы тәсіл қолданады? Ну қамыста, қалың орманда үнемі не оң жаққа, не сол жаққа ақырып ығып желе-жортып отырады. Арттағы аңшы бұл сәл ғана қиыстықты байқамай ізбен қуа береді. Ақыры радиусы пәлен шақырымдық шеңбер пайда болып, енді жолбарыс аңшының желкесінен шығады. Аңның мұндай қулығы туралы жазушы Мағауин «Шахан Шері» романында жақсы жазған. Сол аңның әдісін «Аласапыранның» бір тарауында өзі көркемдік тәсіл ретінде қолданғанын жоғарыда айттық.

Іздене білгенге түр көп. Халық әнінде айтылатындай: Алма ағаштың гүліндей, Текеметтің түріндей. Өмір өтіп барады, Сіз бен бізге білінбей.

Токтай тұрыңыз, бұл – халық әнінің қайырмасы. Міне, алғашқы форма бізге осы халық әндерінен келіпті. Қараңыз, бірінші шумақ – түзу сызық, одан қайырма – көлденең сызықша, сосын қайта түзу сызық пен көлденең сызықша, осылайша кейде үш, кейде төрт рет қайталанады. Міне, халық әні ғана емес, рәптен басқа барлық дәстүрлі әндердің формасы негізінен біреу екен. Осы форманы сәтті қолданған жазушыларды байқадыңыздар ма? Естеріңізге түсірейік.

Алдымен Оралхан Бөкейдің «Құм мінезі» повесі еске түседі. Кітаптың әр жерінде «Алқара көк аспаннан тағы бір самолет ұшып өтті» деген сөйлем кездеседі. Шамасы, оншақты рет қайталанған болу керек. Міне, әлгі халық әніндегі қайырма сияқты форманы шағын түрде қолданудың мысалы. Екіншісін атақты Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романынан көреміз. «Батыстан шығысқа қарай» немесе «солтүстіктен оңтүстікке қарай» болуы да мүмкін «тағы бір пойыз» өтті. Жиі қайталанып, әннің қайырмасы сияқтанады. Күнделікті тіршіліктің тоқтамағанын байқататын осы жолдарды әлсін-әлсін жазу арқылы автор оқырманды жетелейді. Романға ерекше сипат, қозғалыс береді.

Қалыпты табу жазуға қажет материал толық жиналған соң қарастырылады. Фактілер, деректер, айтылар ойлар түгелденбей тұрып жазу формасын іздестіру мүмкін емес. Егер деректер аз, әрі оларды тізіп шығу ғана қажет болса, онда ұзын сызық жеткілікті. Бұл ұзын сызық тәсілімен күніне ондаған баспасөз баяны жазылады. Ақпарат құралдарының жалқау тілшісі соны қанағат етіп, өз материалдары ретінде бере салады. Құптарлық қылық емес.

Ал мол дерек қолда тұрғанда және ол оқырман үшін құнды деп саналса, оны түрлендірмей ұзық сызық тәсілімен жаза салу – біз үшін обал іс. Мұндай жағдайда міндетті түрде форма іздеу керек.

Өмірде болған бір мысалды келтірейік. Облыстық газет редакциясына жергілікті ғалым келді. Өзінің осындағы атақты көл туралы ойларын айтпақшы. Журналист сөйлесті. Көлді сақтауға қатысты ғылыми ұсыныстарын қағазда түсіріп, диктофонға жазып алды. Содан кейін мақалаға айналдырып, редакторға ұсынды. Мақаланың басындағы бір абзацта редакцияға көл туралы ойлары бар ардагердің келгені айтылған. Ең соңында «міне, ғалым көлді сақтау туралы осындай ойларын ортаға салды» депті. Екі арасындағының бәрі түгелдей ғалымның пікірі. Жоғарыдағыдай формаға салсақ, басында шағын көлденең сызық, ортасында ұзын сызық, ең соңында тағы кішкене көлденең сызық. Мына мақаланың формасы – осы. Қарапайым, қарадүрсін. Ғалымның құнды мәліметтер мен ұсыныстары ұзын сызықтың ішінде кеткендіктен миға шегеленбейді.

«Ұзын жіптің» бойына бірнеше «моншак» іліп тастаса қайтер еді? Қалай? Көл бірнеше ғасырлар бұрын саяхатшылардың назарына іліккен. Оны жазбаларында көрсеткен. Әрі көл жанымен белгілі жорықтар өткен, жағасында шайқастар болған. Іргелес ауылда туған қазақ жазушысы өз романында оны суреттеген. Айтулы орыс жазушысының отбасы соғыс кезінде осы жерде бассауғалап тұрған, өзі жыл сайын жазда келіп дем алатын. Осыны «тарихтағы таңбалар» деп пе, «керек дерек» деп пе, әйтеуір мына мақаланың әр тұсына қадап қойса, оқылуы жеңіл болар еді. Сөйтіп, ғалым ағаның ойларының ортасындағы журналистің өзі қосқан ерекше фактілер көзімізге моншак сияқты елестер еді.

Екінші бір тәсіл: анықтамаға жүгіну. Мақалада көлге қатысты булану, тұз қабаты, қамыс басу сияқты ұғымдар бар. Ендеше, керек тұсына солар туралы аз-кем анықтама ұсыну – көркін ашар еді. Ол анықтамалар қатар қойылмай, белгілі бір қашықтықта келтірілсе, ұзын сызық бойында дөңгелек немесе төртбұрыш ілмектер пайда болып, түрленіп кетері даусыз. Міне, форма іздеудің бір мысалы осындай.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Спорт тақырыбының мәтіні. Қалыбын тапсаң халқың тамсанады
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Әрине, түр қуу – жазуға отырғандағы ең басты мақсат емес. Бастысы белгілі бір ойды, оқиғаны жеткізу екені түсінікті. Бірақ оны өзгеше формада ұсынса оқығанда қызықты және жеңіл қабылданбақ. Сол үшін де түр ізделеді.

Журналистердің мақаласында көбінесе бір немесе бірнеше адамның пікірі беріледі. Бұл дұрыс. Түсіндіру, бағалау, анықтау және қорытындылау үшін беделді маманға жүгінген жөн. Осы орайда қазақ тіліндегі журналистердің мақалаларының формасы кәдімгі далада өсіп тұрған қараағаш сияқты. Бұтағы айбақ-сайбақ. Яғни, материал ішінде «бұл туралы пәленшекең былай дейді» автор өзінің ой ағысына орай кез-келген жерге қоя салады. Бір қарағанда дұрыс. Журналистің жазғаны маман ойымен шегеленіп тұр. Біздіңше нағыз қалыпталған мақалада осы «пәленшелердің пікірі» де белгілі жүйемен орналасады. Формаға салсаңыз, шырша ағашы сияқты. Әр бұтақтың өз шығатын тәртібі бар, ара қашықтары да сақталған.

Күнделікті өмірдегі тағы бір көріністі журналист мақаласының формасымен салыстыруға болады. Мысал қарапайым, бірақ өте ұғынықты. Ет өнімдері зауытында ұзын шұжық немесе оның орнына тура сол ингредиентпен қысқа-қысқа сосиски шығаруға болады. Тура сол сияқты кейінгі кезде ақпарат әлемінде өз орнын алған интернет сайттарда бір мақаланы жеті-сегіз тақырыпшаға бөліп беру белең алды. Бұл да – түрлендіру жолындағы ізденіс. Бірақ, екі абзацтан соң бір тақырыпша тұрғаны экран бетінен оқылатын сайтта ыңғайлы болғанмен, етектей газеттегі орташа көлемді мақаланың қайта-қайта тақырыпшаға бөлшектенгені керісінше оқуға кедергі. Әрі мұндай тақырыпшалар ішкі мазмұнды қайталайды. Үшіншіден, тақырыпшаларды бір-бірімен қисын жағынан үйлестіріп қоймаса, мақаланың ішкі ырғағы бұзылады. Бұл артық етем деп тыртық етуге ұрындырмақ.

Осының бәрін ойша салыстырғанда мақаланың қалыбын іздеудің қажеттігі қапысыз аңғарылады.

Форма табу әсіресе телевизияға өте керек. Продюсерлер мен сценарий авторлары өзіндік үлгі таба алмағандықтан түрлі арналардағы бағдарламалар бір-бірінен еш айырғысыз болып жатады. Бұл ізденбеуден, көшіре салуды оңай көруден болған келеңсіз жәйт. Ізденсе ешкім бұрын істемеген соны үлгі табуға болады.

Біз бұған дейінгі дәрістеріміздің бірінде «Тіл» атты бағдарламаны қалай жасағанымызды айттық. Бір саладағы бір терминді жан-жақты талдап екіншісіне ауысар тұста көрермен назарын сәл басқа нәрсеге аударып, оларға тыныс алдырған жөн деп санадық. Сондықтан қырық минуттық бағдарламаның үш жеріне басқаша қайырма қойдық. Өткен дәрісімізде айтылғандай оның біріншісі «Қара тақта», яғни қате жарнама, қателескен басылым және тағы басқалары. Екінші қайырма «Алтын сандық». Бұл бұрын тіл қорымызда болған, бірақ кейінгі уақытта айналымнан шығып қалған сөздерді алтын сандықтан шығару деген символдық қайырма. Олардың мәнін түсіндіріп сол қалпы қолдану, немесе басқадай бір терминді аударуға пайдалану. Үшінші қайырмамыз «Күлтөкпе» деп аталды. Күлтөкпенің не екені атынан көрініп тұр. Ауылдағы пештерде жанған оттың күлі мен тұрмыстан қоқысты үйетін жер. Бағдарлама идеясы бойынша бұл қайырмада тілге кіріп кеткен ұры сөздер мен оны шұбарлайтын сөздер күлтөкпеге тасталады. Яғни адамдарды ондай қыстырма сөздерді көп қолдана беруден сақтандырады. «Жаңағы» деп қайта-қайта айта беретіндер, «базар жоқ» дей беруден шаршамайтындар, «тәк», «конешні» және басқа сөзге тілдегі сөздерді ретсіз айта беретіндер бұдан кейін ойлана бастайды.

Енді қараңыздар, не шықты? Бағдарлама үшке бөлінді. Демек формулаға салғанда кәдімгі үш бұрыш шықты. Оның қабырғалары бірдей. Бұл дегеніміз бағдарламаның үш бөлігінің уақыты өзара бірдей деген сөз. Әрбір талқылау 12 минуттан. Сонымен үшбұрыштың қабырғалары бірдей. Ал енді әглі үш қайырмамыз қайда. Олар үшбұрыш сызықтарының түйіскен жеріндегі шағын моншақтар. Міне қандай форма көзге елестеді? Қабырғалары тең үшбұрыш және оның бұрыштарындағы шағын шеңберлер. Формаға салу, форма бойынша ойлау деген осындай.

Тағы бір мысал келтірейік. Бұл жолы да форманы қалай тапқанымыз тағылымды. Екімыңыншы жылдардың басында «Хабар» агенттігінде «Бірінші» деген он алты сериялы деректі фильм түсірдік. Бұл қазақ телевизиясының тарихындағы шоқтықты дүниелердің бірі деп ойлаймыз. Көп рет «Хабар» өзі қайталады. Кейін «Каспионет», одан «Еларна» телеарналары бірнеше реттен қайталады. Кейде қазақша, кейде орысша аудармасын беріп жүр. Тіпті «Каспионет» бірнеше рет ағылшынша аудармасын көрермендерге ұсынды.

Реті келгенде айту керек «Бірінші» деректі фильмін біз мемлекеттік тілде түсірдік. Эфирге бердік. Кешікпей оның құнды дүние екенін аңғарған басшылар орысша аударғты. Онымен тынбай ағылшынша аудармасы жасалды. Оның мәтінін аударып біткен соң дыбыстау екі американдық маман келгені есімізде. Сол американдық мамандар директі фильмді толық дыбыстап біткен соң Қазақстанның тарихын енді



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Спорт тақырыбының мәтіні. Қалыбын тапсаң халқың тамсанады
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

білдік және түсіндік деп бағалады. Бұл біз үшін шынында үлкен баға және жетістік еді.

Бұл он алты сериялы деректі фильмнің әр сериясы Қазақстанды басқарған бір тұлғаға арналды. 1918 жылдан бастап Қазақстан тәуелсіздік алғанша оны 15 бірінші басшы басқарған. Фильм солар туралы. Ең соңғы бірінші басшы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев одан әрі тәуелсіз Қазақстанның да бірінші басшысы болды. Сондықтан Тұңғыш Ерһлбасы тұлғасына кеңестік және тәуелсіз дәуірлерді қамтитын жеке екі серия арналды. Сонымен жалпы сериялар саны 16-ға жеткен.

Бұл фильмның формасын табу бізді біраз ойландырды. Бір ұзын сызық түріндегі әдістен қаштық. Ол дегенің әрбір бірінші басшының келгенінен кеткеніне дейінгі әрекеттерін диктор бірсарынды дауыспен оқып, арасына тарихшылардың пікірін қоя салу ғана. 16 фильм бойы бұлай істеу көрермендерді жалықтырады, істері пысады. Енді не болады деп күтпейді. Кейбіреулерге бұл тарих бұрынна таныс, ендеше оларды 16 серия бойы жіпсіз байлайтын бірдене керек. Ол дегеніміз ұзын сызықтан бас тартуды білдіреді. Ал бас тарттық. Бірақ, ұзын сызық түріндегі форманың орнына не ұсына аламыз. Ойлана келе, біз өрім түріндегі тәсілді жөн санадық. Атамыз қазақ қамшы өрген. Шашын кимаған қыздар ертеңгілік оны бір немесе қос бұрым етіп өреді. Біз он алты сценарийдің формасына осы бұрым тәсілін қолайлы көріп, солай жазып шықтық. Сосын ол өрімнің әр жеріне және әшекейлер тағып безендіріп тастадық. Енді мұндай форманы сөзбен түсіндіруге тырысалық.

Фильмге тұрақты жүргізуші болады деп шештік. Оның міндеті сұрау салу. Қазақстанды басқаруға пәлен жылы түген деген деген біреуді Орталық жіберген екен, ол өзі қайда туған, ұлты кім деп бірінші сұрауын қояды. Енді оған жауап беріледі. Бұл тұста кадрге тарихшы немесе әлгі тұлғаның зерттеушісі шығады. Оның сөзінен кейін туысы бар ма, білетін куәгері бар ма, соның сөздерін береміз. Міне үш өрім бұрымның бір түйіні пайда болды. Одан кейін іздеуші яғни сұрау салушы қайта шығып, әлгі басшы мұнда келгенше өзі Қазақстанды бұрын білген бе, жоқ оған бейтаныс республика болды ма деп сұрақ қояды. Тарихшы бұл сұраққа жауап береді. Сосын үшінші таспа – туысы немесе жақынының сөзі камераға жазылып, кадрге ұсынылады. Тағы бір түйін жасалды. Одан қайтадан сұрау салушы енді оның Қазақстандағы істері жайлы сұрай бастайды. Жоғарыдағы тәсілмен тарихшы жауап береді. Енді үшінші таспа, немесе тарапты өзгетеміз, туыс пен жақынның, білеіін адамның орны сарапшы шығады. Ол басшының әрекеттері неге ұрындырғанын саралайды. Неден табысқа жетті немесе неден сүрінді соны бағалайды. Осылайша фильм сұрау салушы, оған жауап беруші әрі куәгер немесе сарапшы кезектесіп экранға шығу арқылы үш өрім пайда болды.

Сценарийдің формасы мұнымен бітпейді. Әрбір фильмнің бес-алты жеріне қазақтың дәстүрі немесе нақыл сөзі жеке біреледі. Ол әлбетте аспаннан түсе салғандай емес, сол тарихи кезеңдегі оқиғаларға қатысты немесе оны сипаттауға сұранып тұрған салт-дәстүр мен нақыл болуы керек. Оны енді жүргізуші, тарихшы, сарапқа салушы емес, мүлде басқа дауыс оқиды. Иә дауыс. Бұл жерде төртінші тұлға көрінбейді, әлгі бөлек мәтінде кадр сыртындағы дауыс оқып, ол бейнекөріністермен жабылады. Мұндай салт-дәстүр көріністері мен нақыл сөздерді бейнелеу көріністері фильмнің бес-алты тұсына қойылады. Демек, біз ұзын өрілген бұрымның әр жеріне әшекей қыстырдық. Фильмнің формасын сөзден сипаттап берсек тура осылай.

Форма іздеудің бір көрінісі осылай болды. Және өте табысты жүзеге асқанын айта кетуіміз керек. Осы сценарий қолына тиген ресисер енді әсерді одан сайын күшейтуді ойластырды. Ол көрермендерді эфирге тарту үшін сұрау салушы жай журналист немесе тележүргізуші болмасын деп шешті. Сөйтіп, сұрау салушының рөліне белгілі актер Досхан Жолжақсыновты тартты. Досхан болса бұған дейін ешқашан деректі фильмге түспей, тек көркем фильмде ойнап келген. Сондықтан өте ризашылықпен келісті. Және оны асқан шеберлікпен жүзеге асырды. Досхан үшін әр уақыттың тынысын танытатын шағын декорациялар әзірленді. Бірде көк мауытты, бірде қызыл мауыты үстелдер мен түрлі орындықтары мен креслолары, үстел шамы, ескі жазу мәшеңкесі, алғашқы телефон мен телеграф аппараттары, сия сауыт пен қаламұшты қалам, сосын сия сорғыш, ескі киім ілгіш, есепшот және басқалары қойылды. Бұрын «дело» деп аталған папкалар, сол тұстағы газет нөмірлері мен Ленин мен Сталин және Брежневтің кітаптары сөз болатын уақыттың сипатын айқындай түсті. Әрине негізгі әңгімеміз сценарий туралы. Үш өрімді сценарий бұл «Бірінші» атты деректі фильмдер сериясын басқалардан өзгеше етті және шын мәнінде бірінші қатарға шығарды.

Оныншы сабақты пысықтау:

Әрбір мақаланың мазмұнына лайық өзінің қалыбы жасалады



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Спорт тақырыбының мәтіні. Қалыбын тапсаң халқың тамсанады
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Әдеби сүйекті туындыларды бажайлап оқығанда форманы аңғарамыз
Қажетті деректер мен фактілер жиналмай тұрып, түрлендіруге кіріспейді
Түр іздегенде артық қыламын деп тыртық қылмау керек
Форма тіпті, өрім түрінде жасалуы мүмкін, оған көп сериялы «Бірінші» фильмі мысал болады.